

# ҚАРЖЫ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҰҒЫМЫ, ПӘНІ МЕН ЖҮЙЕСІ

1. Қаржы құқығының ұғымы, пәні өзге құқық салаларымен арақатынасы.
2. Қаржы құқығындағы құқықтық реттеу әдістері
3. ҚР қаржы құқығының жүйесі
4. Қ.қ нормалар мен қатынастар

**Қаржылық құқық** – мемлекеттің қаржы жүйесін қалыптастыру және оны жүзеге асыру процесінде, сонымен қатар мемлекеттің ақша қорларын қалыптастыру, бөлу, пайдалануды ұйымдастыру процесінде пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.

Мемлекеттің қаржылық қызметінің процессінде қаржылық қатынастардың екі тобы пайда болады: **материалдық және ұйымдастырушылық.**

Материалдық қ.қ мемлекеттік ақша қорларын бөлу н/е қалыптастыру процесстерін білдіре отырып, ақшалық құралдардың қозғалысын сипаттайды.

Тұтастай елдің қаржы жүйесін,  
соның ішінде мемлекеттің қаржы  
жүйесі мен қаржы мекемелерінің  
жүйесін (мемлекеттік қаржыларды  
басқару органдары) ұйымдастыру  
және олардың қызметін қамтамасыз  
ету процесінде пайда болатын  
қатынастар **ұйымдастырушылық**  
**қаржылық қатынастарға** жатады.

## **Материалды қаржылық қатынастар келесі белгілермен сипатталады:**

- 1. ақшалай б.т., өйткені мемлекеттің ақша қорларын қалыптастыру немесе бөлу процесін сипаттайды;**
- 2. ақшалай нысандағы құнның біржақты қозғалысын білдіреді;**
- 3. ұйымдастырушылық сипатта болады;**
- 4. экономикалық қатынастардың бір түрі болып табылады;**
- 5. мемлекеттің қаржы қызметінің процессінде пайда болатын қаржылық қатынастар тек құқықтық нысанда болады;**

**Қаржылық қатынастар бірнеше түрге бөлінеді:**

**1) Қаржы құралдарының қорына байланысты:**  
бюджеттік, банктік, сақтандыру қатынастары б.б.

**2) Мемлекеттік қаржылық қызметтің әдістеріне байланысты:** салық, несие, қаржыландыру қатынастары б.б.

**3) Ақша құралдарының қозғалысына байланысты:**

**а) біржақты,** яғни бір бағытта ақша қорына (салықтар) немесе ақша қорынан (бюджеттік қаржыландыру) алушыға қозғалысы;

**б) екіжақты,** қорға кейін қордан алушыға қозғалысы (мемлекеттік қарыз), немесе қордан шығып кейін қорға қайтып келетін ақша қозғалысы (бюджеттен қарыз беру қатынастары).

## Қаржылық қатынастардың тауарлы-ақшалық қ. өзгешелігі:

- Қаржылық қатынастар бөлу сатысында, ал тауарлы-ақшалық айырбас сатысында п.б.;
- Мемлекеттік қ.қ. ылғи да теңсіздік, ал тауарлы-ақшалық – тепе-теңдік сипатта;
- Мемлекеттік қ.қ мемлекеттің қаржылық қызметтің өнімі болып табылады және ол олардың міндетті субъектісі болады, тауарлы-ақшалық қатынастар «сатушы-сатып алушы» қатынасты іске асады, бұнда сатушы да, сатып алушы да мемлекеттік орган ретінде бола алмайды.

- Мемлекеттік қ.қ. ақшалар қозғалысы мемлекет пайдасымен анықталады, тауарлы-ақшалық қатынаста бұл қозғалыс жеке сатушы мен сатып алушының пайдасымен анықталады;
- Мемлекеттік қ.қ. мемлекеттің басшылығына, тауарлы-ақшалық-қоғамдың өндірістің қажеттіліктеріне сүйенеді;
- Қаржылық қатынастар тек құқықты түрде болады, тауарлы-ақшалық – қайбір құқықтың реттеусіз болуы мүмкін;
- Мемлекеттік қ.қ қаржылық құқық қатынастарының түрінде кездеседі.



# Қаржылық және сақтандыру қатынастардың айырмашылығы:

- Сақтандырулар ылғи тепе-теңді;
- С.қ. мемлекетсіз, тіпті оның ешқандай қатысуынсыз болады;
- С.қ. мемлекет жағынан ешқандай құқықтың реттеусіз бар болуы мүмкін;
- С.қ. тауарлы-ақшалық қатынастардың бір түрі б.т.;

- Қ.қ. объектісі-ақшалар, с.қ. объектісі – белгілі материалдың құндылықтар, немесе сақтандырылған тұлғаның жеке басы;

- Сақтандыру қызметінің мақсаты-сақтанушының мүддесін сақтандыру қорғауға, мемлекеттің қаржылық қызмет мақсаты-өзінің қамтамасыз етуге керекті ақша құралдарын табу;

- Қ.қ. ылғи ақшалы, с.қ. натуралды-заттың болулары мүмкін.

**Қаржылық және несиелік қ. ара қатынасы мен негізгі айырмашылықтары:** несие қайтарымды негізде, ал қаржы қайтарымсыз негізде жұмыс атқарады.

Бұлардың арасында, мемлекет өзінің қаржылық қызметінде кеңінен несие пайдаланады және өздерінің табыстарын қалыптастырудың тәсілі ретінде (мысалы, мемлекеттік қарыздар) және өздерінің ақшалық қорларының жұмсау тәсілі ретінде (мемлекеттік қарыз өтеу, бюджеттік қарыз беру және т.б.).

**Қаржылық құқықтың реттеу әдістері** – бұл құқықтар мен міндеттерін анықтау арқылы қаржылық қатынасқа қатысушыларға мемлекеттің әсер ету әдістері мен тәсілдері. Әдістер **императивті және диспозитивті б.б.**

# Императивті әдіс келесі белгілерімен сипатталады:

- Мемлекет қ.қ. белгілі субъектілерінің жүріс-тұрысын нормативтік қаржылық құқықтық актілерде біржақты-өктем белгілейді;
- тараптардың мемлекеттің міндетті бұйрықтарын орындаудан бас тартуға құқықтары жоқ;
- мемлекеттің бұйрықтары мәжбүрлеу механизімімен қамтамасыз етіледі;
- оларды орындамау заңды жауапкершілікті туындатады;
- тараптардың таңдау мүмкіндігі жоқ;
- қаржылық қатынастарда мемлекеттің мүддесін білдіретін субъект өктем өкілеттіктерге ие болады.

# Диспозитивтік әдісі келесі белгілермен сипатталады:

- 1) тараптардың құқықтары мен міндеттері екі құқықтық акті негізінде қалыптасады:
  - а) осы қатынасты реттейтін нормативтік акт;
  - б) тараптар арасында жасалынған шарт.
- 2) тараптардың құқықтары мен міндеттері теңестірілген, мемлекет немесе оның мүдделерін білдіретін орган да белгілі міндеттерге ие болады;
- 3) мемлекеттің біржақты өктемдігі міндетті сипатта болмайды, субъектілерге өз еркін білдіру құқығын береді;
- 4) мемлекеттің ықпалы тек біржақты мәжбүрлеу сипатында ғана емес, экономикалық ынталандыру сипатында болады;

- 5) қаржылық қатынас тараптарының құқықтары мен міндеттері біршама теңестірілген;
- 6) қаржылық қатынасты диспозитивтік әдіспен реттеудің заңи нысаны – тараптарды мемлекет (өзі немесе өкілетті орган) пен қаржылық қатынастардағы мемлекеттің контрагенті болып табылатын қаржылық-құқықтық шарт болып табылады.
- 7) қаржылық-құқықтық шарт тараптардың құқықтары мен міндеттерін туындатады, бірақ мемлекет немесе оның мүддесін білдіретін органға басымырақ құқық береді;
- 8) қаржылық-құқықтық шарт осы қаржылық қатынасты реттейтін құқықтық акт рұқсат еткен және осы актіде көрсетілген шартпен реттелуге жататын мәселелерге байланысты жасалынады.

# Қаржылық құқық жүйесі жалпы және ерекше бөлімдерден тұрады

## ЖБ мына институттар кіреді:

- қаржылық құрылыстың құқықтық негіздері;
- қаржы жүйесінің құқықтық негіздері;
- қаржы саласындағы басқару;
- қаржылық жоспарлаудың құқықтық негіздері;
- қаржылық бақылаудың құқықтық негіздері,
- қаржылық-құқықтық жауапкершілікті құқықтық реттеу.



**ЕБ мынадай институттар кіреді:**

- бюджеттік құқық, бюджеттен тыс қорлар;
- банктік қызметтің негіздері;
- сақтандыру қызметінің негіздері және т. б.

**Қаржылық құқық конституциялық,  
әкімшілік, және азаматтық  
құқықпен арақатынаста болады.**

Конституциялық нормалар өкілді және атқарушы билік органдарының құзыретін анықтай отырып мемлекеттің қаржылық қызметінің негізін белгілейді.

**Парламент палаталардың бөлек отырысында:**

- республикалық бюджетті бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- мемлекеттік салықтар мен алымдарды белгілейді және оларды алып тастайды;
- республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерді талқылайды (К. 54-б)
- Үкімет пен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекітеді, бюджетке өзгертулер мен толықтырулар енгізеді (К.53-б)

Қаржылық және әкімшілік құқық құқықтық реттеудің императивтік әдісін қолданады. Бұл жерде айырмашылық қызметінің мақсатында.

Ққ пен азаматтық құқықты ажыратудың негізгі белгісі – реттеу пәні азаматтық құқықтың реттеу пәні тауар, ақша қатынастары, ал қаржылық – экономикалық қатынастардың бір түрі қаржылық қатынастар. Қаржылық құқық мекмлекеттің қатысуы бар қаржылық қатынастарды реттейді, азаматтық құқық тауар ақшы қатынастарын реттейді.

**Қаржылық құқықтың қайнар көздері қаржылық-құқықтық қатынастарды реттейтін өкілдік және атқару органдарының нормативтік құқықтың актілері болып табылады.**

**Қаржылық-құқықтық нормалар – мемлекеттің қаржылық қызметінің процессінде туындайтын қатынастардың қатысушыларының тәртіп-ережесін белгілейтін құқықтық нормалар.**

**Қаржылық – құқықтық нормалардың белгілері:**

- Мемлекеттік-өкімдік бұйрығын білдіреді;
- Мемлекеттің өкілетті органымен қабылданған;
- Жалпы міндеттік тәртіп ережесі бар, көп реттік қолдануға есептелген және субъектілердің белгіленбеген санына арналған;
- Белгілі заңдық түрдегі актісімен орнықтырылған;
- Орындау мемлекеттің мәжбүрлі күшмен қамтамасыз етіледі, бұның ішіне қаржылық заңдарды бұзғаны үшін заңдық жауапкершілікке тарту енгізіледі.

## **Қаржылық-құқықтық нормалардың ерекшеліктері:**

- **Мазмұны бойынша** – қаржылық қатынастардың қатысушыларының тәртібін реттейді;
- **Нұсқамалық сипаты бойынша** – бұйрықты сипатта;
- **Жауапкершілік шаралары бойынша** – нұсқаманы бұзғаны үшін заңдық жауапкершілік орнатылады;
- **Мемлекеттің құқығын қорғау әдісіне қарай** - нормалар қаржылық қатынастардың субъектілердің біріне, атап айтқанда мемлекетке немесе оның атынан өкілдік ететін органға соттан тыс тәртіппен өздерінің мүдделерін біржақты қорғау құқығын береді;
- **Рәсімдеу әдісі бойынша** – қаржылық-құқықтың нормаларға жағдайды мұқият сипаттау, қаржылық-шараушылық операциялардың көптеген нұсқаларын қамту өзіне тән;

Қаржылық-құқықтық нормалар  
**реттеуші және қорғаушы** болып бөлінеді:

**Реттеуші нормалар** – қаржылық құқықтық қатынас субъектілеріне белгілі құқықтар береді немесе міндеттер жүктейді.

**Қорғаушы нормалар** қаржылық қатынас субъектілерінің міндеттерін орындауды қамтамасыз ету құралы б.т. (мемлекеттің қаржылық мүдделерін қорғау құралдарын қамтамасыз ету, сонымен қатар мемлекет алдында қаржылық қатынастардың субъектілермен өздерінің міндеттемелерін тиісті орындау).

**Реттеуші нормалар міндеттеуші, тыйым салушы, уәкілеттік беруші б.б.**

**Құқықтық реттеу әдістеріне байланысты қаржылық құқықтық нормалар императивті және диспозитивті б.б.**

**Мазмұнына байланысты қ.қ. нормалар материалдық және ұйымдастырушылық б.б.**

**Логикалық құрылымы жағынан қ.қ. нормалар үш негізгі элементтен тұрады: Гипотеза, диспозиция, санкция.**



**Қаржылық-құқықтық нормалардың  
санкциясы өздерінің ерекшеліктерімен  
сипатталады:**

- ақшалай сипатта болады;
- мемлекет алдында ылғи жауапкершілікті білдіреді (мемлекет кірісіне айналады);
- қаржылық құқықтық нормалардағы санкцияның көбісі біржақты бағытталуымен сипатталады, яғни олар тек қаржылық қ.қ. мемлекетке қарсы субъектіге қолданылады.
- Қ.қ. санкциялар ескерту, қалпына келтіру және мәжбүрлеу шараларынан тұрады.

**Қаржылық құқықтық қатынастар** – қаржылық құқықтық нормалармен реттелетін мемлекеттің қаржылық қызметі процесінде пайда болатын қоғамдық қатынастар.

**Қаржылық құқықтың институтына байланысты қаржылық құқықтық қатынастар:**

- 1) бюджеттік;
- 2) Қаржылық-шаруашылық;
- 3) Қаржылық – банктік
- 4) Қаржылық-сақтандыру б.б.

**Қаржылық құқық қатынасының  
басты элементті құқық  
қатынастарының субъектісі б.т.**

**Оларға жататындары:**

- мемлекет;
- әкімшілік-аумақтық бірліктер;
- мемлекеттік биліктің өкілдік және  
атқару органдары;
- заңды тұлғалар;
- жеке тұлғалар.